



ЖАОК бағдарламасы

Жапп айашық онлайн курстың атауы	Жалпы білім беру жүйесінде ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту технологиясы
ЖАОК ұзақтығы	3 кредит
Семестрге арналған курстың тақырыптарының (практикалық) реттелгенізімі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалпы білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту технологиясы. 2. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау. 3. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы. 4. Ерекше білім беруге қажеттіліктерін бағалау. 5. Тірек - қимыл аппараты бұзылған балалардың әлеуметтенуі. 6. Мектепте ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға қолдау (көмек) көрсетуді ұйымдастыру. 7. Есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. 8. Зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу. 9. Арнайы педагогиканың клиникалық негіздері. 10. Тіл кемістігі және оның себептері. 11. Инклюзивті білім беру жағдайында аутизммен ауратын балаларды арнайы оқыту. 12. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету дамыту жұмыстарын жүргізуде ойын терапиясының рөлі. 13. Сөйлеу тілі бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. 14. Көру қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. 15. Психиканың дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.
ЖАОК тілі	Қазақша
Әзірлеуші университеттің толық атауы	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.
Курстың авторы	<p>Тегі, аты және әкесінің аты-Тлепбергенова Гаухар Елемесовна</p>  <p>Жұмыс орны-М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Лауазымы- оқытушы, магистр.</p> <p>Автордың қолтаңбасы: </p>
Автордың жарнамалық бейнесі	https://youtu.be/kkuY_Revzxo
Оқу нәтижелері бар ЖАОК қысқаша сипаттамасы	<p>Академиялық кескіндеме онлайн курсын оқып үйрену кескіндеменің әр түрлі салаларында шығармашылықпен жұмыс істеуге баулиды. Академиялық кескіндеме пәні -әр-алуан ренді көре білуді үйретеді, сәнді колөнерде, дизайнда, композицияда көркемдік-мәнерлікке жеткізеді. Кәсіби шығармашыл маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.</p> <p>Мақсаты: Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудің қағидалары және философиялық, әдіснамалық негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру, инклюзивті білім берудің құқықтық-нормативтік қамтамасыздандыруда кездесіп отырған кедергілерін жою, ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауға байланысты заманауи моделдері туралы түсініктері мен инклюзивті тәжірибе аймағында ұйымдастыру мен басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p> <p>Курстың міндеттері: - Студенттерге ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудің нормативтік-құқықтық базаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздерін ұғындыру;</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру мен жобалау аумағында студенттердің кәсіби құзіреттіліктерінің деңгейін көтеру; - Инклюзивті тәжірибе жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқару жұмыстарымен таныстыру; - Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету моделдері туралы түсініктер қалыптастыру; - Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беру ұйымдарындағы білім алу ерекшеліктерін ұғындыру; - Ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беруге біріктіру туралы ғылыми-практикалық көзқарастарын қарастыру; - Курс бойынша теориялық және практикалық материалдарды қабылдау және түсінуге қажетті негізгі ұғымдық аппаратын меңгеру. <p>Оқытудан күтілетін нәтижелер:</p> <p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ерекше білім алуды қажет ететін балалар категориясының психологиялық педагогикалық ерекшеліктерін білу; - ерекше білім алуды қажет ететін балаларда кездесетін қиын жағдайларды саралай алу; - инклюзивті білім беруде ЕБҚ балаларға оқытудың жеке бағдарламасын жасай алу қабілеті; <p>Істей білу:- мәтіндік, аудиовизуалдық, мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, ақпаратты өңдеуге және талдауға, әр түрлі жағдайларды саралай алу; - жаңа идеяларды тез жасай алуы. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім жүйесіндегі дамытудың заманауи стратегиясын; - ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудің басты мақсаты мен ұғымдарын; - ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудегі педагогика мен психологияның категориялық аппаратын; - ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудің басты отандық және шетелдік тұжырымдамаларын; - ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудің мазмұнын, құрылымын, қайшылығын және қисынын; - ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудің заманауи инновациялық және авторлық білім беру тұжырымдамаларын; - білім берудің психологиялық - педагогикалық практикасындағы инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктерін. - мүмкіндігі шектеулі балалар отбасының әлеуметтік-педагогикалық проблемаларын зерттеп білу және оларды шешуді. <p>Игерілетін дағдылар:</p> <p>Студенттер ерекше қажеттілігі бар балаларға білім берудегі көкейкесті мәселені таңдай білу дағдысын қалыптастыру жолдарын, коммуникативтік дағдыларды меңгеру, әдістемелік, тұлғалық-кәсіби тұрғыда өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық белсенділік дағдыларын меңгеру, сыни тұрғыда ойлау дағдыларын меңгеру, өздігімен іздену, зерттеу және өзекті мәселені шеше білу дағдысы туралы ақпарат алады.</p> <p>Курсты оқу барысында студент оқыту мен тәрбиелеуде ерекше қажеттілігі бар балаларды дамыту бойынша жаңа педагогикалық технологияларды, формалар мен әдістерді меңгереді.</p>
ЖАОК бағдарламасы	<i>(Силлабус) https://open.wku.edu.kz/</i>